

1 – маусым Халықаралық балалардың қорғау күніне арналған жазғы сауықтыру сценарии.

Тақырыбы: «Бар мейіріміміз балаларға»

Жүргізуши:

– Сәлеметсіздер ме, балалар! Бұгін Халықаралық балалардың қорғау күні. Біздің балабақшада бұгін мереке. Сіздер мереке жақсы көресіздер ме?

Балалар:

– Ия.

Жүргізуши:

Бақшамызда бұгін ұзак ойнайык,

Балалардың қорғау күнін тойлайык.

Алакай ау, алакай!

Той тойлайык, балақай!

Такпақ айтып, кезектесіп, бір бірлеп,

Кел, қосылып ән шырқайык, би билеп!

Алақай ау, алакай!

Ән шырқайык, балақай!

Ұғып сөзін тәрбиеші апаның,

Гүл жайнаймыз аясында Отаның!

Алақай ау, алакай!

Гүл жайнайык, балақай!

– Ендеше, алдарыңызда Жұлдыздар тобының бүлдіршіндері такпақтарын айтады.

1. Бала, бала, баламыз,

Бақшамызга барамыз.

Күні бойы қызыққа

Батамыз да қаламыз!

2. Қынсынып қашпаймыз,

Шынығамыз жастай біз.

Көңілді әуен сазымен

Жаттығуды бастаймыз.

3. Иілеміз онға бір,

Иілеміз солға бір:

Тәрбиеші қарайды

Аяққа бір, қолға бір.

4. Үйренеміз өнер біз,

Шетімізден шеберміз:

Такпақ айтып, ән шырқап,

Билеп билеп береміз.